

## Ғажап көктем

Сұлу көктем, тамсанамын мен саған,  
Талай жырды ақындар да арнаған.  
Адамзатқа жылу сезім оятып  
Табиғаттың хош иісін сыйлаған.

Бәйшешектей әсем гүлің жайқалған,  
Қызғалдағың Жер-Ананы баулаған.  
Қандай әсем қазағымның даласы  
Көктем келіп, жасыл желек құлпырған.

Ару көктем мейрамдарың тағы бар,  
Риза болсаң, Алғыс айту күні бар.  
Сол алғысты мен айтайын Кербезім,  
Көктем – Сезім, көктем – Ана, көктем – Ар.

Аналардың мерекесі көктемде  
Неге олай, соны Аруым білдің бе?  
Сен білмесең, мен айтайын ол сырды  
Ана жаны көктемдегі сезімде.

Көктем келсе, күннің нұры төгілер  
Көктем келсе, бау-бақша да егілер.  
Көктем келсе, Наурыз тойы тойланып  
Ақ бауырсақ дастарқанға төгілер.

Ғажап көктем! Анамдайсың сен маған  
Алыстағы балаларын сағынған.  
Көктем-Жеңіс бейбітшілік әкелген  
Ардагерді қошеметтеп сыйлаған.

Ғажап көктем! Табиғаттың сұлуы  
Махаббаттың көз қимайтын Аруы.  
Көктем, көктем, кереметсің, ғажапсың  
Адамзаттың бақыт құсы, жан нұры!